

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
30.09.2021 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 30.09.2021 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Каспий теңізін жерүсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Аманғалиұлы Брекешев мырзаға беріледі.

Серікқали Аманғалиұлы тағайындалғаннан кейін бізге бірінші рет келіп отыр. Сондықтан барлық депутаттық корпус атынан жаңа қызметімен құттықтаймыз. Жауапты жұмыста табыс тілейміз.

**БРЕКЕШЕВ С.А.** Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Каспийдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде 2003 жылы Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі конвенциясы қабылданды.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықтың базасын кеңейту мақсатында негіздемелік конвенцияға бірқатар хаттамаларға қол қойылды.

Сіздердің қарауларыңызға «Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі Негіздемелік конвенцияға Каспий теңізін жерүсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесіндегі ластанудан қорғау жөніндегі хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасы ұсынылады.

Каспий теңізінде көмірсутек шикізатының ірі қорларының болуы су айдынының экологиясы мен биоресурстарын сақтау туралы мәселені өзектендіреді.

Хаттаманың негізгі мақсаты Каспий теңізінің экологиялық таза теңіз ортасына қолжеткізу және сол қалпында ұстау үшін жерүсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызметтер нәтижесінде теңіз ортасының ластануын болдырмау, бәсеңдету, бақылау және барынша мүмкін болатын апаттарды жою болып табылады.

Хаттаманың негізгі бағыттары:

ең озық қолжетімді технологияларды және табиғат қорғау практикасын пайдалану және оларды теңіз акваториясында жүзеге асыру кезінде беру;

Каспий теңізінің теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандарының физикалық, биологиялық және химиялық сипаттамалары туралы деректер базасын құру және жүргізу;

Каспийдің теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандарының жай-күйіне, оның жағалау жиегі бойындағы теңіздің ластану деңгейіне тұрақты бағалау жүргізу болып табылады.

Хаттама бойынша теңіз ортасына әсер етуі мүмкін қызмет түрлерінің тізбесі айқындалған.

Конвенцияға сәйкес тараптар өздерінің ұлттық заңнамасы бойынша қоршаған ортаға әсерді бағалауды қоса алғанда, Каспий теңізінің теңіз ортасын және жағалау маңындағы аудандарын ластанудан қорғау үшін қажетті іс-шараларға жергілікті билік органдары мен жұртшылықтың қатысуына ықпал етеді.

Сондай-ақ әрбір тарап қоғамның Каспий теңізінің теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандарының жай-күйі туралы ақпаратқа қол жеткізуін жеңілдетеді.

Хаттама мүдделі органдармен ескертулерсіз келісілді, теріс әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқтырмайды.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Аббасов Қайнар Бегалыұлына беріледі.

АБАСОВ Қ.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Хаттаманың 4-бабында уағдаласушы тараптардың Каспий теңізінің теңіз ортасына және жағалау маңындағы аудандарына қолайсыз әсер етуі мүмкін қызмет түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалауға қатысты екіжақты және көпжақты ынтымақтастыққа жәрдемдесу жөніндегі міндеттемесі көзделеді.

Хаттаманың осы ережелері ағымдағы жылғы 8 қыркүйекте Парламент Мәжілісі мақұлдаған Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияның қоршаған ортаға трансшекаралық тұрғыдан жасалатын әсер етуді бағалау жөніндегі хаттамамен ұштасады.

Екі хаттаманың түбегейлі айырмашылығы неде екенін айтып беріңізші. Бұл хаттамалардың өзара байланысы қандай?

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Рұқсат етсеңіз, сұраққа орыс тілінде жауап берейін.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Принципиальное отличие этих двух протоколов состоит в том, что Протокол оценки воздействия на окружающую среду охватывает планируемые виды деятельности, то есть планируемые к строительству объекты в будущем.

Что касается Протокола о наземных источниках загрязнения, то он охватывает уже действующие предприятия, которые наносят негативное воздействие на морскую среду Каспийского моря.

При этом оба протокола имеют превентивные меры, направленные на сохранение и защиту акватории Каспийского моря. Спасибо.

ТӨРАҒА. Соз депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Сериккали Амангалиевич! Ратификация протокола и реализация положений, в частности, статьи 15 потребуют участия органов местной власти и общественности в мероприятиях по защите Каспийского моря, в том числе каждая договаривающаяся сторона будет обязана обеспечить доступ общественности к информации как о состоянии морской среды и побережья Каспия, так и о планируемых, принимаемых мерах по предотвращению и снижению загрязнения морской среды.

В связи с этим у меня вопрос.

Каким образом наше население будет вовлечено в мероприятия по защите Каспийского моря? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопрос.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Роль общественности в принятии экологических решений сегодня растет. Укрепление роли общественности также заложено в редакции нового Экологического кодекса.

Учитывая особый статус Каспийского моря, население нашей республики проявляет особую озабоченность, именно в прибрежных регионах. Поэтому уполномоченный государственный орган в обязательном порядке должен разместить информацию по проектам намечаемой деятельности на своем веб-сайте. Общественность при этом не только будет иметь полный доступ к данной информации для ознакомления, но и может представить свои предложения и замечания, которые в обязательном порядке должны быть учтены. Спасибо.

ТӨРАҒА. Правильно, Сериккали Амангалиевич. Вопрос депутата лежит в практической плоскости – как гражданское общество будет вовлечено в процесс защиты Каспийского моря. Сериккали Амангалиевич, речь идет о том, что в первую очередь люди не должны метаться между государственными органами и недропользователями в поисках экологической информации. Обеспечить открытый доступ к ней – прямая обязанность Вашего министерства. Где угодно – на сайтах или в социальных сетях – должна быть полная и достоверная информация по всем экологическим обязательствам недропользователей, отраженным в их контрактах. Это ключевое условие для участия общественности как в защите Каспийского моря, так и в целом в защите окружающей среды.

Кроме того, нужно обеспечить простые и прозрачные механизмы участия представителей гражданского общества. Вообще надо прекращать



практику, когда только общественный резонанс какого-либо чрезвычайного происшествия заставляет некоторых чиновников услышать обеспокоенность общества состоянием экологии, да и не только экологии.

Вот основные подходы, которые должны быть заложены в реализацию того, как гражданское общество будет вовлечено в процесс защиты Каспийского моря. Согласны?

БРЕКЕШЕВ С.А. Абсолютно.

Нурлан Зайруллаевич, по всем проектам сейчас в редакции нового Экологического кодекса заложено проведение общественных слушаний. По нашему протоколу общественность может ознакомиться с данной информацией на нашем официальном веб-сайте, как я уже говорил выше, не только ради ознакомления, но и для представления своих предложений и замечаний, которые в обязательном порядке будут учтены. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сериккали Амангалиевич, еще раз хочу заострить Ваше внимание. Полная и достоверная информация по всем экологическим обязательствам недропользователей должна быть доступна для общественности. Пришла компания разрабатывать, взяла месторождение – народ должен знать, что она берет на себя как обязательство в плане экологических мероприятий. Не потом вы должны стучаться, вам дверь никто не открывает, на вас даже в глазок не смотрят, а в начале, как только он пришел. Контракт в этой части, мы не лезем в коммерческую сторону. В Экологическом кодексе мы прописали об этом, по-моему. Так, Сериккали Амангалиевич?

БРЕКЕШЕВ С.А. Да.

ТӨРАҒА. У вас теперь в руках весь инструментарий. Вы теперь должны полностью все это обеспечить.

Повторяю, мы не должны создать такую ситуацию, что люди метаются между государственными органами, вы ничего не знаете и говорите, что это коммерческая тайна, недропользователи не хотят разговаривать, и ни у кого нет информации, касающейся экологии и их обязательств по обеспечению экологической безопасности.

Теперь в соответствии с Экологическим кодексом, повторяю, весь инструментарий у уполномоченного государственного органа есть. Вы должны правильно пользоваться. Правоприменительная практика должна быть у вас эффективной и результативной в интересах нашего государства.

Вы новый министр, мы поддержим Вас и будем поддерживать. Вы, пожалуйста, не стесняйтесь применять этот инструментарий, не стесняйтесь спрашивать с недропользователей, которые сегодня работают в Казахстане. Мы должны защитить нашу природу, нашу экологию и, конечно, наших граждан.

БРЕКЕШЕВ С.А. Принято.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Ерман Мұхтар Тілдәбекұлына беріледі.

ЕРМАН М.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Хаттаманың 7-бабының 2-тармағына сәйкес уағдаласушы тараптардың конференциясы «шиеленісті нүктелер» тізімін бекітеді. Аталған тізім негізінде тараптар ластағыш заттарды азайтуға арналған ұлттық жоспарларын қабылдайды. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Бірінші сұрақ. «Шиеленісті нүктелер» қалай айқындалады, олар қандай критериймен бекітіледі? Және оларға не жататын түсіндіріп беріңізші.

Екінші сұрақ. Көрсетілген тізімге Каспий теңізінің қазақстандық бөлігі шегінде қандай «шиеленісті нүктелер» енгізілуі мүмкін? Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Рұқсат болса, орыс тілінде жауап берейін.

Согласно протоколу стороны определяют так называемые «горячие точки». «Горячими точками» определены источники воздействия, которые располагаются как в Каспийском море, так и на прибрежных территориях Каспия. Данный перечень «горячих точек» обновляется раз в два года.

К «горячим точкам» в казахстанском секторе Каспийского моря относятся, к примеру, по Атырауской области компания «NCOC», ведущая разработку нефтегазовых месторождений на море, компания «КоЖан», «Исатай Оперейтинг», по Мангистауской области – компания «Бузачи Нефть», компания «Меруерт Оперейтинг», «Женис Оперейтинг», также в этот список входят Ерсай, порт Курык и Актауский морской торговый порт. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Платонов Артур Станиславовичқа беріледі.

ПЛАТОНОВ А.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! В соответствии с рассматриваемым протоколом договаривающиеся стороны, руководствуясь статьей 23 Рамочной конвенции по защите морской среды Каспийского моря, вступившей в силу 12 августа 2006 года, регулярно проводят региональную оценку состояния морской среды и прибрежных районов Каспийского моря.

В этой связи скажите, пожалуйста, кем и с какой периодичностью проводятся работы по оценке состояния морской среды Каспийского моря?

И второй вопрос. Приведите, пожалуйста, примеры случаев загрязнения Каспийского моря из наземных источников, нанесших значительный экологический ущерб и имевших место в последние годы. Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопросы.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! В соответствии с протоколом и новым Экологическим кодексом оценка состояния морской среды и прибрежных регионов осуществляется республиканским государственным предприятием «Казгидромет». У данного предприятия имеется 28 контрольных точек, по которым проводятся мониторинг качества воды, анализ состояния загрязняющих веществ, также проверяются донные отложения и радиационный фон.

Вместе с тем компаниями-недропользователями также проводятся мониторинг и оценка экологических условий и параметров в районах проведения производственных операций.

Компанией «NCOС» разрабатывается так называемая Карта экологической чувствительности казахстанского сектора Каспийского моря, которая, кроме всего прочего, содержит и меры по недопущению аварий, связанных с разливом нефти в море. До сегодняшнего дня крупных аварий, связанных с разливом нефти в казахстанском секторе Каспийского моря, зарегистрировано не было, за исключением случая, который был допущен компанией «Актауский морской северный порт». Это произошло в апреле текущего года. По данному факту была проведена проверка, на предприятие наложен административный штраф, предъявлена претензия на возмещение ущерба, соответственно, все мероприятия по ликвидации последствий и восстановлению окружающей среды были реализованы. Спасибо.

ТӨРАҒА. В первой части вопроса прозвучало: кем и с какой периодичностью проводятся работы по оценке состояния морской среды? Это все очень важно, потому что это упреждающие, профилактические вещи. Есть какая-то периодичность, сроки?

БРЕКЕШЕВ С.А. Нурлан Зайруллаевич, мониторинг проводится на постоянной основе. Как я уже говорил, этим занимается РГП «Казгидромет». Кроме этого, недропользователи сами ведут мониторинг казахстанского сектора.

ТӨРАҒА. С какой периодичностью?

БРЕКЕШЕВ С.А. Ежегодно проводится.

ТӨРАҒА. Ежегодно. То есть минимум один раз в год.

БРЕКЕШЕВ С.А. Да.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Сүлейменова Зүлфия Болатқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕНОВА З.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Қаралып отырған хаттама Каспий теңізінің ластануын болдырмауға, бақылауға, азайтуға және жоюға арналған.

Хаттаманың 4-бабының ережелеріне сәйкес тараптар авариялардың немесе Каспий теңізінің теңіз ортасына қолайсыз әсер ететін басқа да жағдайлардың салдарларын жою кезінде «ластағыш төлейді» қағидатын қолдануға міндетті.

Осындай факт анықталған жағдайда экологиялық залалды өтеудің тетігі қандай? Экологиялық залал көлемі қалай айқындалады? Бюджет қаражаты қандай жағдайларда тартылады? Рақмет.

БРЕКЕШЕВ С.А. Спасибо за вопрос.

Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! Принцип «загрязнитель платит» закреплён и в новом Экологическом кодексе. Сам механизм возмещения затрат за принесённый ущерб определяется согласно законодательству, а именно – приказом нашего министерства по утверждению методических рекомендаций по разработке программ ремедиации. На



виновного возлагается ответственность за полное восстановление окружающей среды и возмещение всего причиненного ущерба. В случае, если виновное лицо не установлено, то ответственность за восстановление несет государство. Соответственно, будут тратиться бюджетные деньги. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Серікқали Аманғалиұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз. Сұрақтарымыз аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің хатшысы депутат Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлына беріледі.

НАҚПАЕВ С.Ж. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар мен шақырылғандар! Заң жобасы Каспий теңізінің теңіз ортасын қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға Каспий теңізін жерүсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде ластанудан қорғау жөніндегі хаттаманы ратификациялауды көздейді.

Каспий теңізін қорғау мен сақтау барлық Каспий маңындағы мемлекеттер үшін басым маңызға ие мәселе болып табылады. Өйткені теңіз ортасының экологиялық жағдайы аталған өңірдің қалыпты және тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі фактор болып табылады.

Бұл аспектіде бүгінгі қаралып отырған хаттама Каспий теңізін қорғау мәселесі бойынша көпжақты әріптестік үшін құқықтық негіз қалыптастыратын маңызды құжат.

Хаттаманың мақсаты Каспий теңізінің жерүсті көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызмет нәтижесінде теңіз ортасының ластануын болдырмау, бәсеңдету, бақылау және барынша мүмкін болатын дәрежеде жою болып табылады.

Хаттаманың ережелерін жүзеге асыру Каспий теңізінің теңіз ортасының экологиялық саулығын қолдауға себеп болады.

Хаттама ережелері туралы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Брекешов Серікқали Аманғалиұлы өз баяндамасында егжей-тегжейлі айтып берді.

Жұмыс тобының жұмысы туралы атап өтсем, жұмыс тобының бір отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы мүдделі мемлекеттік органдардың, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен «KAZENERGY» ассоциациясы өкілдерінің қатысуымен өтті.

Жұмыс тобының отырыстары барысында хаттаманы жүзеге асыру механизмінің, ластаудың жоғары деңгейі байқалатын жерлердің тізімін қалыптастырудың, Каспийді зерттеу жұмыстарын жүргізудің мәселелері талқыланды.

Заң жобасын қабылдау теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкеп соқтырмайды.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитеті заң жобасын қолдап, оны Сенаттың қарауына жіберуді ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сәлімжан Жұмашұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті депутаттар! Мен бүгін қаралып отырған Еуропа мен Азия тоғысқан жерде орналасқан бірегей әрі ірі тұйық су қоймасы болып табылатын Каспий теңізін қорғау және сақтау тұрғысынан маңызды әрі қажетті болып табылатын заң жобасын қолдаймын.

Каспий теңізінде көмірсутегі шикізатының ірі қорларының болуы және жағалау аймағындағы өнеркәсіптік объектілердің қызметі Каспий теңізінің теңіз ортасын жерүсті ластану көздерінен және құрлықта жүзеге асырылатын қызметтің нәтижесінде ластанудан қорғау туралы мәселенің өзектілігін арттырады.

Каспий теңізінің суы бес мемлекеттің жағалауларын қамтиды.

Қазақстанға жағалау жиегінің 29 пайызы немесе 2 мың 340 шақырымы, Түркіменстанға 21 пайызы, Әзербайжанға 20 пайызы, Ресейге 16 пайызы және Иран Ислам Республикасына 14 пайызы тиесілі.

Каспий маңындағы барлық мемлекеттер Каспий теңізінің биологиялық және көмірсутегі ресурстарын игеру саясатын ұстанатынын атап өткен жөн.

Теңіздің жай-күйіне әсер ететін негізгі өнеркәсіптік объектілер «Норт Каспиан Оперейтинг Компани», «Теңізшевройл», «МАЭК», «Маңғыстаумұнайгаз» компаниялары және көмірсутегі шикізатын өңдеумен және өндірумен айналысатын басқа да кәсіпорындар болып табылады.

Қаралып отырған хаттаманың Каспийді сақтау мәселелері бойынша көпжақты ынтымақтастықта маңызы аса зор, өйткені ол Каспий маңындағы бес мемлекеттің Каспий теңізінің ластануын болғызбау және азайту жөнінде бірлескен шаралар қабылдауы үшін қажетті құқықтық негіздер жасайды.

Хаттаманың ережелері жаңа Экология кодексінің негізгі жаңалықтарының бірі болып табылатын ең озық қолжетімді технологияларды пайдалануға және енгізуге ықпал ететін болады. Ең озық қолжетімді технологияларды енгізуге негізделген өнеркәсіптік кәсіпорындарды экологиялық жаңғырту «жасыл» экономикаға көшу процесінде негізгі бағыт болып табылады.

Хаттамада теңіздің физикалық, биологиялық және химиялық сипаттамалары туралы дерекқор құру, Каспийдің теңіз ортасы мен жағалау маңындағы аудандарының жай-күйіне тұрақты бағалау, оның жағалау жиегі бойындағы теңіздің ластану деңгейін бағалау да көзделеді.

Хаттамада теңіз ортасына әсер етуі мүмкін қызмет түрлерінің тізбесі, сондай-ақ елеулі трансшекаралық әсерді айқындауға ықпал ететін өлшемшарттар тізбесі айқындалған.



Хаттаманың тетіктерін іске асыру 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексінің нормаларын орындау арқылы жүзеге асырылатын болады.

Әріптестерімді қаралып жатқан заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Геннадий Геннадиевич.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында, құрметті әріптестер, осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде бір ғана ұсыныс түсті. Сондықтан осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 95, «жақтағандар» – 95. Қаулы қабылданды.



*Дүртте: Құжаттамамен қамтамасыз ету  
бөлімінің сектор меңгерушісі  
Май Н. Майынбаева.*